

ЖАМБЫЛ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ МАҚТАНЫШЫ

Жамбылдың қадірлейтіні, мадақтап жыр ететіні ел үшін туған ерлер болды. Жамбыл халық үшін күрескен, елін қорғаған халықтың Сұраншы, Өтеген, Исатай, Саурық сияқты батыр ұлдарын мадақтады: «Солардай бол, халқың үшін қызмет ет», - деді. Жамбыл өз халқының экономикалық және саяси жағдайын да жақсы түсінді, бай мен кедейдің арасындағы теңсіздікті көрсетіп, кедейдің ауыр халін былай суреттейді:

Қайтіп жаның ашымас?
Неткен заман қатыбас?
Еткен еңбек, төккен тер,
Қалай түкке татымас?
Қалт-құлт етіп жүргені
Қысы-жазы қарны аш.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейін Жамбыл бақытты өмір есігін ашты. Неше жыл аңсап күткен арманын сталиндік дәуірде тапты. Неше жыл қыйлы заманды өткізген Жамбыл өзі басынан кешірген зар заманның куәсі болды.

Бұл Жамбыл көрген бұрын талау-таран,
Кез болды енді оған алтын заман.
Кең жатқан байтақ ұлан шежіремін,
Тарихтың домбырасын қолыма алам.
Қатардан шал болсам да қалғаным жоқ,
Досқа – күй, дұшпаныма – өлеңім оқ,
Жасартқан Сталиннің дәуірінде,
Қарт жырым, енді сенің арманың жоқ.

Жамбыл сталиндік алтын ғасырдың қуанышын, бақытын, салтанатын, салынып жатқан құрылыстарды, колхозды ауылды, гүлденіп өскен елді былай жырлады:

Сары далада темір жол,
Зәулімді кезіп шарлады
Күміс қанат құстарым.
Қаптаған мал, ен дәулет,
Бақытты өмір, сән, сәулет.

Сталиндік алтын заңды Жамбыл былай деп жырлады:

Ардақтаймын Советтің
Әділ заңын тамаша
Орнатқан шаттық дәуірін.
Жүрекке нәзік жыр беріп,
Табиғатты меңгеріп,
Ар, атаққа ие етіп,
Марқайтқан еңбек қауымын.

Жамбыл ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталинді жырлады. Ауыз әдебиетінің ең асыл қазыналарын бойына жинаған Жамбыл Ленин мен Сталин образдарын жасау үшін барлық тіл байлығын, ақындық күшін жұмсады:

Қайғыдан халқым арылып,
Бақыт құсын ұстадым.
Ленин мен Сталин
Халықтың халын көтеріп,
Жоғалтты өмір қыспағын.

Жамбыл халықтың қуанышын суреттеген өлеңдерінің қай-қайсысында болсын елдің салтанатты тұрмысын суреттей келіп, осы бақытты, сән-салтанатты өмірді әперген Ленин мен Сталин деп ұлы көсемдерімізді үнемі жырлап отырды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Жәкең өзінің жырларымен майданға аттанды. Қарттығына қарамай, майдандағы барлық оқиғаларды көз тігіп қадағалап, асыл жырларымен армияны, бүкіл халықты рухтандырып, жігерлендіріп оырды. Отанымыздың астанасы Москваға жау төнгенде Жамбыл да өзінің жырларымен елмен бірге Москваны қорғауға аттанды. Ол халықтың атынан:

Қар жауып, мұз қатса да,
Боран борап жатса да,
Сені жауға бермейміз,
Мәңгі бақи Москва! –

деп ұран салды.

Ленинградтың жауынгерлеріне арнап жазылған «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңінде:

Жасалған жоқ салтанат,
Жаудың болуға ермегі.

Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!
Жасағамын өмірді
Жау біткенді жеңгелі;
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.

Жамбыл совет дәуірінде мазмұны терең, көркем, мәңгі өлмейтін тамаша шығармалар берді. Жәкеңнің бұл шығармаларының тақырыбы кең, әр-жақты, өмірдің барлық салаларын түгел дерлік қамтиды.

Жамбыл жаңа заманның өмір шындығын өте шебер суреттей білді. Жамбылдың шығармасы өмірдің айнасы болды. Өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы, мәдениет пен искусстводағы, өмірдің алуан саласындағы жетіскендіктер – барлығы да Жамбылдың шығармасынан тиісті орын алды. Жамбыл жаңа заманның ең маңызды мәселелеріне жауап берерлік образдар таба білді. Міне, Жамбылдың ұлылығы да осында.

Сталиндік дәуірде Жамбылдың атағы бүкіл Советтер Одағына, тіпті дүние жүзіне жайылды. Байтақ еліміздің барлық түкпірлерінен қазақтың қарт бұлбұлы Жәкеңе арнап жазылған хаттар келіп жатты. Жамбылдың жырлары қазақ, орыс тілдерінде мыңдаған дана болып басылды. Жамбыл шығармаларының тиражы ұлы ақын Маяковский, жазушы Алексей Толстой сияқты дүние жүзіне атағы әйгілі ақын жазушылардың шығармаларының тиражындай көп болды. Жамбылдың шығармаларын еңбекшілер сүйіп оқиды.

Жамбыл – қазақ халқының ұлы мақтанышы. Ол өз халқын жанындай сүйген отаншыл ақын. Жамбылдың шығармалары ғасырдан ғасырға кете береді. Жамбыл есімі халықтың есінде мәңгі сақталады.

Ахметов З. Жамбыл – қазақ халқының ұлы мақтанышы // Алтай большевигі, 1946, 6 июль.
<http://kazneb.kz/FileStore/dataFiles/66/c0/1531167/content/full.pdf?time=1614253803511&key=00a188b9167b793206b08e4133a11d60&isPortal=true>